

Жолаушылар мен багажды қалалық қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифін белгілеу туралы

Жетісу облысы Текелі қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 25 шілдедегі № 278 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына, "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабы 2-тармағына сәйкес, Текелі қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Текелі қаласының аумағында жолаушылар мен багажды қалалық қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифі осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Текелі қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Текелі қаласының әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

Текелі қалалық мәслихаты

А. Әділ

Текелі қаласының әкімдігінің 2023
жылғы "___" шілдедегі №___
қаулысына қосымша

Текелі қаласының аумағында жолаушылар мен багажды қалалық қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифі

Маршрут нөмірі	Маршрут атауы	Тасымалдау құны (теңге)
1	Клубная автовокзал	150 теңге
4	Чайковский көшесі-"Светлана" дүкені – Қора көшесі, стоматология "Шынғыс"	100 теңге
6-7	Айналым-"Улыбка" дүкені-"Алатау" шағын ауданы-Ауэзов көшесі-Чажа-Стадионная көшесі-Спорт сарайы	100 теңге